

«Болашаққа қадам – қуат көздерінің баламасы» республикалық байқауын қашықтан өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Болашаққа қадам – қуат көздерінің баламасы» республикалық байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: жаратылыстану-ғылыми білім беруді және білім алушылардың жобалық қызметін дәріптеу.

Міндеттері:

білім алушылардың кәсіби шығармашылық қабілеттерін және ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылығын анықтау және дамыту;

негізгі құзыреттілікті, жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін және пәндік білімді практикалық қолдануға ынталандыруды қалыптастыру;

шығармашыл дарынды балаларды қолдау үшін қажетті жағдайлар жасау;

білім алушыларға ғылыми білім беру және мақсатты кәсіби бағдар беру; ғылыми білімді тарату және насихаттау.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы «Қазақстанның ядролық қоғамы» Атом энергиясы жөніндегі ақпараттық орталығымен бірлесіп өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. Байқау жұмыстары **2020 жылғы 7 шілдеден 28 қыркүйекке дейін kzecology@mail.ru** электронды поштасына қабылданады.

2020 жылғы 28 қыркүйектен кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар, қатысушылардың сертификаттары **2020 жылғы 6 қарашада www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

6. Байқауға келіп түскен жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

7. Байқауға қатысу үшін **500 (бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент - 19).

БИН 990140004733

ИИККZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО Банк Центр Кредит

Төлемақы аталуы: «Болашаққа қадам – қуат көздерінің баламасы» байқауы.

Қатысушының аты-жөнін, тегін толықтай көрсету қажет (жіберуші – Резидент:19).

2) Kaspi.kz арқылы жүргізіледі: 1) *Kaspi.kz* тіркелу; 2) *раздел «Платежи»*; 3) *«Образование»*; 5) *«Курсы и Доп.Образования»*; 3) *г.Нур-Султан*; 6) **«Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования»**; 7) қатысушы туралы мәлімет енгізу және төлем сомасын көрсету; 8) төлем түрін көрсету (*Kaspi gold, Kaspi депозит, Kaspi кошелек, Кредитная карта*); 9) төлем жасау.

8. Байқауға қатысу үшін kzecology@mail.ru электронды поштасына өтінімді толтырып, келесі құжаттарды міндетті түрде жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы құжаты (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);
- 3) байқауға қатысатын жұмыс.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға жалпы орта, қосымша, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының 11-18 жастағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

11-14 жастағы орта санат;

15-18 жастағы жоғарғы санат.

10. Байқау келесі секциялар (профильдер)бойынша өткізіледі.

Инженерлік ғылымдар:

Математика;

Физика және астрономия;

Информатика;

Робототехника.

Жаратылыстану ғылымдары:

Биология және экология;

Химия;

Атом энергиясы.

Зерттеу жұмыстарын ресімдеуге және орындауға қойылатын талаптар.

титул парағы;

кіріспе бөлімінде нақты мақсаты пен міндеттері мазмұндалып, зерттеудің өзектілігі және жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы негізделеді;

негізгі бөлімде теориялық негіз бен тәжірибелік зерттеудің қорытындысы, барлық сандық, деректі мағлұматтар және оларды өңдеу қорытындыларын талдау; қойылған міндеттерді шешу әдістерінің сипаттамасы;

зерттеу нәтижесі, барлық дұрыс мәліметтері мен өңдеудің қорытынды талдауы;

қорытынды.

Жұмыс Word форматында жазылады, қаріпі Times New Roman 14, бірыңғай жоларалық интервал, мәтінді түзету – беттің ені бойынша, жақтаулары: сол жағынан – 2,5 см, оң жағы, жоғарғы және төменгі жағы – 1,5 см. Дәйексөздер, басқалардың ойлары қолданылса, оларға сілтемелер берілуі тиіс. Жұмыстың көлемі – 3-10 бет А4 форматында, қосымшаны қоспағанда. Қосымшаның көлемі 5 беттен артық емес.

11. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

жобаның ғылыми мазмұны;

ұсынылған тақырыптың жаңашылдығы мен өзектілігі;

ұсынылған жобаның қолжетімділігі мен көркемділігі;

автодың жобаны өңдеу кезінде өзіндік деңгейі;

таңдалған тақырыптың анықтау тереңдігі;

техникалық жарамдылығы.

12. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинацияға әр қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады.

13. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

14. Байқау қорытындысы бойынша әділқазы мүшелері байқау жеңімпаздарын анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен және сыйлықтармен, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Дипломдардың, алғыс хаттардың және сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында мына сілтеме <https://www.ziyatker.org/25> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: 8(7172) 64 27 24, 87023588696 («Болашаққа қадам – қуат көздерінің баламасы» байқауы).

Байқауға қатысу үшін келесі берілген үлгіге сәйкес кестені толтырып жіберу қажет:

Қатысушының аты-жөні	Қатысушының жасы	Облысы, қала, аудан, ауыл	Білім беру ұйымының аталуы	Байқаудың, номинациясының, жұмыстың аталуы	Жетекшісінің аты-жөні	Байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)
1	2	3	4	5	6	7